



## ЕСКЕРТУ

Жоғары	4-Ф	73,1		
Орталық	4-Ф	25,5	104,5	96,5
Төмен	4-Ф	8,0		
Жоғары	4-К	51,5		
Орталық	4-К	41,1	104,5	92,6
Төмен	4-К	11,9		
Жоғары	4-Т	60,5		
Орталық	4-Т	38,8	104,5	99,3
Төмен	4-Т	5,2		
Жоғары	4-Ш	68		
Орталық	4-Ш	33,5	104,5	101,1
Төмен	4-Ш	3,4		
Жоғары	4-Ө	74,2		
Орталық	4-Ө	29,1	104,5	103,4
Төмен	4-Ө	1,2		

492,9 98,6

Ересек жас тобына арналған (4 жастағы балалар) бақылау парағы

Оқу жылы: 2022-2023

Топ: "Жұлдыз"

Откізу кезеңі: 01.05-10.05.2023 ж.

Кезең : қорығылды

Откізу мерзімі: мамыр

**"Жұлдыз" тобының 2022-2023 оқу жылына жүргізілген  
қорытынды мониторинг бойынша талдамалық анықтамасы,  
4-жастан бастап**

Жыл басындағы бастапқы мониторингке 23 бала, аралық мониторингке 23 бала катысты. Қорытынды мониторингке катысқан балалар саны: 23 ұлдар – 14, қыздар – 9.

Бұл диагностикада балаға берілген критерийлер өте көп болғандықтан мен балаларды

Физикалық қасиеттерді дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру барысы бойынша деңгейін шығардым.

**Физикалық қасиеттерді дамыту:**

**Орта деңгейдегі** балалар деңгейі 25,5 % пайызды көрсетіп тұр. Бұл балалар физикалық қасиеттерді дамыту барысында балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырымыз.

Орташа деңгейі бар баланың қозғалыс тәжірибесі нашар (игерілген негізгі қозғалыстардың, жалпы даму және спорттық жаттығулардың аз мөлшерін көрсетіп тұр. Сызықтардың арканның тақтайдың гимнастикалық бөрененің бойымен теңе-теңдікті сақтап жүрулері төмен.

Гимнастикалық қабырғаға жоғары төмен ауыспалы қадаммен өрмелеуді дамыту керек.

**Төменгі деңгейдегі балалар** 8% пайызды көрсетіп тұр. Бұл балалар

Жаңа физикалық жаттығуларға қызығушылық танытпайды. Бала жаттығуды сенімсіз орындайды.

Басқа балалар мен өздерін салыстырып қателіктерін байқамайды. Жаттығу барысында көптеген қателіктерге бой алдырады. Жаттығу барысында алға ұмтылып қос аяқпен секіруді, сонымен қатар табан мен алақанға сүйене отырып төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру керек.

**Шешім жолдары:** Осы айтылған критерийлермен жұмыс жасай отыра балалардың физикалық қозғалыс қасиеттерін дамыту. Жаттығудың кез келген барысын жасай білуге сонымен қатар қимыл қозғалыстарын нақты көрсете отырып үйрету. Әр түрлі ойындар ойнап қана қоймай ойын ережелерін сақтап тәртіпке бағынуды бойларына қалыптастыру. Жаттығу барысындағы тұратын меншікті орнын белгілеп жаттығуды мүдірмей жасауға баулу. Қорыта келгенде балалардың жаттығуға қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**

**Орта деңгейдегі балалар 41,1% пайызды көрсетіп тұр.** - дамудың орташа деңгейімен

балалардың қырық бір пайызы, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айта алмай қалады: ақырын, жылдам сөйлейді, сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана алмай жатады. Тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінбей қалады. Осыған байланысты, лексикалық және грамматикалық құралдарды таңдауда, предлогтарды қолдануда бірнеше қателіктер жіберіледі. Ересектердің көмегімен суреттер сериясы бойынша әңгімелеу кезінде бөліктер біртұтас тұтастыққа қосылады, әңгімелер құрамы сақталмауы мүмкін.

**Балалардың 11,9 % төмен деңгейдегі балалар.** Балалар көбінесе тілдері толық дамымаған болғандықтан, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, фонематикалық есту жағынан зардап шегеді, ал бұл компонентсіз монологиялық және диалогтық сөйлеуді бағалау қиын. Қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын, қазақ халқының құндылықтарын, тұрмыстық электротехника заттарын танымай айта алмай жатады. Зат есімдерді жеке түрде айтып отырып, оны көпше түрге айналдыра алмай жатады.

**Шешім жолдары:** Тәрбиешінің ұсынысы бойынша орта деңгейдегі балалар сөзді өзгерте алады, Сөз құра алады. Көптеген дыбыстар анық айта алуы керек. Сондықтан баланың сөйлеу барысын дамытып қана қоймай көптеген суреттермен болсын, ойын арқылы болсын жұмыс жасау қажет.

### Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

**Орташа деңгейдегі балалар 38,8%** пайызды көрсетіп тұр. Балалардың танымдық зияткерлік қырларын дамыту барысында көптеген ойындар ойналып, іс-әрекеттер жасалды. Балалардың жартысынан көбінде жақсы дағды қалыптасты. Жартысынан азы шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданбай, «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажырата алмай қалып жатады. Осыған орай бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыра алмайды.

**Төмен деңгейдегі балалар 5,2%** пайызды көрсетіп тұр. Бұл балалар Тәрбиеші көмегімен жасамаса жеке дара жасай алмайды. Геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратып айта алмайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие емес.

**Шешім жолдары:** Балаларға көптеген математикалық құралдармен ойын барысын дамыту, таным саласында іс-әрекеттер жасау. Жұмыс нәтижесін саралап бағыт бағдар беру арқылы баланың қызығушылығын ояту. Бала үніне құлақ аса отырып, баланың зияткерлік танымдық білімін дамыту.

### Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

**Орташа деңгейдегі балалар 33,5%** пайызды көрсетіп тұр. Балалардың шығармашылық іс-әрекеттерін бақылау барысында көптеген бала жоғары көрсеткіш көрсетті. Соның ішінде орташа деңгейдегі балалар Шығармашылық барысындағы сурет салуда казак оюларының элементтерін сала алмай, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастыра алмайтын балалар бар. Мүсіндеу барысында ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуде көмек көрсету арқылы ішкі дүниені жасайды, оларды толықтыру қажет. Жапсыру барысында да казак оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасауда, оларды кезектестіріп ретімен желімдеуде қиындықтар туып жатады.

**Төмен деңгейдегі балалар 3,4%** пайызды көрсетіп тұр.

Олар әрқашан өз дизайнымен құрастыра алмайды. Кейде олар ересек адамның көмегіне жүгінеді. Қарапайым тапсырмалар үшін қарапайым схемалық кескіндерді қолдануға қабілетті емес. Қайшы дұрыс ұстап алмай жатады. Кесудің бірдей әдістерін қолдануда киналады.

### **Шешу жолдары:**

Балалардың қызығушылығын дамыта отырып шығармашылыққа баулуды үйрету жұмыстарын атқарамыз. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру құрасыту барысында балалармен ойын арқылы жұмыс жүргізіліп баланың ақсап тұрған тұсын қамту. Балалардың шығармашылық ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Жеке баламен жұмыс барысында жиілету.

### Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

**Орташа деңгейдегі балалар 29,1%** пайызды көрсетеді. Бұл салада ойын іс-әрекеті болсын кез-келген тасымал болсын бала жан-жақты меңгерген дұрыс деп есептеймін. Себебі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды баланың бойына қалыптастыру қазіргі таңда өте қажет. Орташа деңгейдегі балалар көбінесе жергілікті тұратын жерлерін яғни қала, көше атауларын ішкі дүниені біледі. Көбінен аз балалар айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіре алмай жатады. Ойын барысында қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытпай жатады.

**Ал төмен деңгейдегі балалар 1,2%** көрсеткіш көрсеткені ол балалар арасында тілдері кеш дамыған балалар бар. Ол балалар жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін білмейді. Ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алмайды.

**Шешу жолдары:** Балаларға неғұрлым көптеген суреттермен жұмыс жасап оны мазмұндауға және де ертегілер арқылы болсын ойын арқылы болсын балалардың тілдерін дамытуға дағды қалыптастыру.

**Қорытынды:** оқу жылының басындағы мониторинг нәтижелерін талдау алдағы оқу жылына арналған жұмыстың перспективаларын көрсетеді. Барлық бес білім беру саласы бойынша балабақшаның білім беру бағдарламасы бойынша жұмысты жалғастыру. Балалардың физикалық дамуына ерекше назар аудару, профилактикалық шараларды сақтауға және оқушылардың

денсаудығын нығайтуға, салауатты өмір салты, оның негізгі нормалары мен ережелері туралы білімді қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Олардың біртұтас тұжырымның құрылымы туралы, сондай-ақ жеке фразалар мен оның бөліктері арасындағы байланыс әдістері туралы идеяларын қалыптастыру. Сонымен қатар кез-келген іс-әрекетте балаға жеке-жеке бақылау жасау арқылы бала үніне құлақ асу керек.